## Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы N 186-III шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 14 наурызда N 2355 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275/1711/-МШ хатымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 "Каспий" теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, III шақырылған Атырау облыстық мәслихаты X сессиясында шешім етті:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 189 "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" және 2005 жылғы 7 ақпандағы N 53 Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 189 "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы"қаулысына өзгерістер енгізу туралы»қаулыларымен сессияға енгізілген Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» бекітілсін (жалғанды).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Ж.Б. Өмірбекова).

*Облыстық мәслихаттың X сессиясының төрайымы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

Облыс әкімиятының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 53 қаулысы

## Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 189 "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың

**2002-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы № 1095 " Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі № 189 "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін :

атауы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы";

1-тармақтағы "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" сөздері " Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" сөздерімен ауыстырылсын;

осы қаулының қосымшасында:

бұл мәтін бойынша "Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" сөздері "Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" сөздерімен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Негізгі әзірлеуші" бағанындағы "Атырау облысы Білім беру басқармасы" сөздері "Атырау облысы Білім беру департаменті" сөздерімен ауыстырылсын;

5-тармақтағы соңғы сөйлем келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Бағдарлама Атырау облысы Білім беру департаменті, Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, Атырау облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің жәрдемдесуімен іске асырылатын болады";

6-тармақ "Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджет қаражатынан мынадай қаржыландыруды талап етеді" сөздерінен кейін келесі редакцияда мазмұндалсын :

2005 жылы - 43,6 миллион теңге;

2006 жылы - 160,6 миллион теңге;

2007 жылы - 71,6 миллион теңге.
Республикалық бюджеттен:
2005 жылы - 1541,1 миллион теңге;
2006 жылы - 3144,8 миллион теңге;
2007 жылы - 2629,1 миллион теңге қаржы талап етіледі".
өзге көздерден:
2005 жылы - 1120,3 миллион теңге;
2006 жылы - 3788,1 миллион теңге;
2007 жылы - 4295,5 миллион теңге қаржы талап етіледі";

8-тармақ осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулы облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

## Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 189 қаулысы Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 "Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына сәйкес, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса берілген "Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлау жүйесін модернизациялаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" (бұдан әрі - Бағдарлама) мақұлдансын және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге енгізілсін.

2. Бағдарламаны іске асыруға жауапты тиісті мекемелер мен ұйымдардың басшылары оны іске асыру жөніндегі шараларды алсын.

3. Атырау облысы білім беру басқармасы Бағдарламаның тиісінше орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының 2005 жылғы 7 ақпан N 53 қаулысына қосымша
Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 189 қаулысына қосымша

## 8. Атырау облысында кадрларды кәсіби даярлаудың жүйесін жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| № | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындауға(іске асыруға) жауаптылар | Орындау (іске асыру) мерзімі | Болжамды шығыстар (млн.теңге) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Республикалық бюджет | | | Жергілікті бюджет | | | өзгелері | | |
| | | | | | 2005 | 2006 | 2007 | 2005 | 2006 | 2007 | 2005 | 2006 | 2007 |
| 1 | Еңбек нарығындағы ахуалдың әлеуметтік мониторингін ұйымдастыру | Ақпарат | ЖҚҮж ӘБД | 2005-2007 | | | | | | | | | |
| 2 | Атырау мұнай және газ институты кешенінің 5 объектісінің құрылысын салу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) | 2005-2007 | 662,0 | 1191,0 | 601,0 | | | | | | |
| 3 | Атырау мұнай және газ институты мұнай факультетінің оқу корпусын қайта құрылымдау | қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) | 2005-2006 | 100,0 | 101,5 | | | | | | | |
| 4 | Атыраумұнай және газ институтының жаңа объектілері | | | 2006-2007 | | 53,2 | 134,0 | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | үшін жабдық сатып алу | қабылдау кесімі | АМГИ ( келісім бойынша) | | | | | | | | | | |
| 5 | Атырау мұнай және газ институтының қазіргі оқу-ғылыми базасынжарақтандыру және жаңарту | қабылдау кесімі | АМГИ(келісім бойынша) | 2005-2007 | 761,3 | 761,3 | 761,3 | | | | | | |
| 6 | Атырау қаласында 1200 оқу орынның кәсіптік мектеп кешені құрылысын салу | қабылдау кесімі | Обл БД | 2006-2007 | | 870,0 | 870,0 | | | | | | |
| 7 | 960 оқу-орынның мұнай және газ колледж құрылысын салу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2007 | | | | | | | | | 750, |
| 8 | Атырау қаласындағы 2 кәсіптік лицейге 120 оқушығаарналған жатақхананың құрылы сын алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2007 | | | | | | | | | 100, |
| 9 | Құлсарықаласында 624 оқу орынның мұнай-газ бағытындағы кәсіптік мектепкешені құрылы сын салу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2005-2006 | | | | | | | 531,4 | 518,6 | |
| 10 | Барлық оқу орындары үшін оқу жаттығу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006-2007 | | 150,0 | 245,0 | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | полиго нының құрылысын салу | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Исатай ауданы Аққыстау поселкесінде 320 оқу орынның көп-бейінді кәсіптік мектеп құрылысын салу | қабыл дау кесі мі | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 270,0 | 280, |
| 12 | Атырау қаласындағы 1 кәсіптік лицейге 2 қабатты шеберхана құрылысын салу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006 | | | | | | | | 360,0 | |
| 13 | Кәсіптік білім беру ұйымдарының объектілерін күрделі жөндеу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006-2007 | | | | | 113,8 | 30,0 | | | |
| 14 | Атырау медици налық колледжі ғимаратын күрделі жөндеу | қабылдау кесімі | О б л ДСД | 2005 | | | | 2,7 | | | | | |
| 15 | Атырау медициналық колледжіне жабдық сатып алу | қабылдау кесімі | О б л ДСД | 2005-2007 | | | | | 4,4 | | 2,0 | 3,0 | 3,5 |
| 16 | Кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу шеберханаларына ж а б д ы қ сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2005-2007 | 17,8 | 17,8 | 17,8 | | | | 163,5 | 940,4 | 930, |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | Арнайы технология кабинетіне жабдық сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2005-2007 | | | | | | | 135,4 | 555,1 | 600, |
| 18 | Оқу зертха наларына жабдық сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 381,6 | 390, |
| 19 | Ж а л п ы білім беру циклінің кабинеттеріне жабдық сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2007 | | | | | | | | | 500, |
| 20 | 15+1 модуліндегі компьютерлік кластар сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 56,0 | 60,0 |
| 21 | А р н а у л ы пәндер бойынша оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер сатып алу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 130,0 | 130, |
| 22 | К ә с і п т і к мектептерде ( лицейлерде) жаңа маман дықтарашу | қабылдау кесімі | О б л БД | 2005-2007 | | | | | | | 210,0 | 392,1 | 350, |
| 23 | А т ы р а у медициналық колледжінде жаңа мамандықтар ашу | қабылдау кесімі | О б л ДСД | 2006-2007 | | | | | | | | 2,0 | 2,0 |
| 24 | К ә с і п т і к білім беру бағдарламаларының ж ә н е о қ у технологияларының д е р е к т е р б а н к і н құру | Ақпарат | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 10,0 | 10,0 |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының, оқу жоспарларымен бағдарламалар ының банкін, техника дағы, технологиядағы, экономикадағы жаңартпалаларды ескеру мен, жаңарту | Ұсыныс | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 25,0 | 25,0 |
| 26 | Жастарға кәсіптік білім беру мен жұмыссыз халықты оқытудың мазмұнын, жұмыссыздықтық сапалық сипаттарын, түрлі әлеуметтік топтарды оқытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескерумен, жетілдіру | Ақпарат | Обл БД | 2005-2007 | | | | 0,3 | 0,4 | 0,3 | 3,0 | 3,0 | 3,0 |
| 27 | Барлық оқу орындары үшін міндетті курс тар: - апат жағдайында теңізде тірі қалу жөнінде курс (BOI SET) - Ағылшын тілі курсы бұрғылауды тексеру | Бұйрық | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | | 48,0 |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі (IWFC) ( халықаралық сертификат алу) | | | | | | | | | | | 46,0 | |
| 28 | Оқу орындарында кәсіпкерлік негізде ріне оқыту | Ақпарат | О б л БД | 2006-2007 | | | | | | | | 1,5 | 1,5 |
| 29 | Педагог кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру және оларды сертификаттау | | | | | | | | | | | | |
| | 100 адам | Ақпарат | О б л БД | 2005 | | | | | | | 75,0 | | |
| | 125 адам | | | 2006 | | | | | | | | 93,8 | |
| | 150 адам | | | 2007 | | | | | | | | | 112, |
| 30 | Жұмыс сыздарды оқыту | Ақпарат | ЖҚҮж ӘБД | | | | | | | | | | |
| | 1700 адам | | | 2005 | | | | 25,5 | | | | | |
| | 1800 адам | | | 2006 | | | | | 27,0 | | | | |
| | 1850 адам | | | 2007 | | | | | | 27,8 | | | |
| 31 | Гуманитарлық колледж жанынан оралмандарға арналған даярлау бөлімін ашу | Ақпарат | О б л БД | 2005 | | | | 1,6 | | | | | |
| 32 | 7 кәсіптік мектепте психикалық дамуында кідірістері бар тұлғаларға арналған топ ашу | Ақпарат | О б л БД | 2005 | | | | | 1,5 | | | | |
| 33 | Алдын ала кәсіби ақпарат беру, кәсіби бағдарлау, кәсіби іріктеу | Ақпарат | О б л БД | Ж ы л сайын | | | | 1,0 | 1,0 | 1,0 | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | |
| 34 | қосымша оқу орындарының болуы және қосымша оқу орындарын құру мониторингі | Ақпарат | Обл БД | Жыл сайын | | | | 2,0 | 2,0 | 2,0 | | | |
| 35 | Мемлекеттік тапсырыс бойынша мамандар даярлау және жұмыссыздарды кәсіптік оқыту үшін оқу орындарын тендерлік негізде іріктеу | Ақпарат | Обл БД | Жыл сайын, желтоқсан | | | | 0,5 | 0,5 | 0,5 | | | |
| 36 | Абердин қаласы ның оқу орындарымен, еуропалық білім қорымен және басқалармен ынтымақтастықты дамыту | Ақпарат | Обл БД | 2005-2007 | | | | 10,0 | 10,0 | 10,0 | | | |

кестенің жалғасы

| Қаржыландыру көздері (млн.теңге) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық бюджет | | | Жергілікті бюджет | | | өзгелері | | |
| 2005 | 2006 | 2007 | 2005 | 2006 | 2007 | 2005 | 2006 | 2007 |
| | | | | | | | | |
| 662,0 | 1191,0 | 601,0 | | | | | | |
| 100,0 | 101,5 | | | | | | | |
| | 53,2 | 134,0 | | | | | | |
| 761,3 | 761,3 | 761,3 | | | | | | |
| | 870,0 | 870,0 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | 750,0 |
| | | | | | | | | 100,0 |
| | | | | | | 531,4 | 518,6 | |
| | 150,0 | 245,0 | | | | | | |
| | | | | | | | 270,0 | 280,0 |
| | | | | | | | 360,0 | |
| | | | | 113,8 | 30,0 | | | |
| | | | 2,7 | | | | | |
| | | | | 4,4 | | 2,0 | 3,0 | 3,5 |
| 17,8 | 17,8 | 17,8 | | | | 163,5 | 940,4 | 930,0 |
| | | | | | | 135,4 | 555,1 | 600,0 |
| | | | | | | | 381,6 | 390,0 |
| | | | | | | | | 500,0 |
| | | | | | | | 56,0 | 60,0 |
| | | | | | | | 130,0 | 130,0 |
| | | | | | | 210,0 | 392,1 | 350,0 |
| | | | | | | | 2,0 | 2,0 |
| | | | | | | | 10,0 | 10,0 |
| | | | | | | | 25,0 | 25,0 |
| | | | 0,3 | 0,4 | 0,3 | 3,0 | 3,0 | 3,0 |
| | | | | | | | 46,0 | 48,0 |
| | | | | | | | 1,5 | 1,5 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | 75,0 | | |
| | | | | | | | 93,8 | |
| | | | | | | | | 112,5 |
| | | | | | | | | |
| | | | 25,5 | | | | | |
| | | | | 27,0 | | | | |
| | | | | | 27,8 | | | |
| | | | 1,6 | | | | | |
| | | | | 1,5 | | | | |
| | | | 1,0 | 1,0 | 1,0 | | | |
| | | | 2,0 | 2,0 | 2,0 | | | |
| | | | 0,5 | 0,5 | 0,5 | | | |
| | | | 10,0 | 10,0 | 10,0 | | | |

Ескерту: Әріптік қысқартулардың толық жазылуы:

ЖҚҮжӘБД - Атырау облысы Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламалар департаменті

АМГИ - Атырау мұнай және газ институты
Обл БД - Атырау облысы Білім беру департаменті;
Обл ДСД-Атырау облысы Денсаулық сақтау департаменті

Облыс әкімиятының
2004 жылғы 30 қыркүйектегі
N 189 қаулысына қосымша

## Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

## Мазмұны

1. Паспорт
2. Кіріспе
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Атырау облысында кәсіптік білудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасының паспорты

## 1. Бағдарламаның Паспорты

Атауы Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

Әзірлеу негіздемесі Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

Әзірлеу негіздемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" қаулысы;
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 "Каспий теңізінің Қазақстандық

секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы

| | |
|---|---|
| Негізгі әзірлеуші | Атырау облысы білім беру басқармасы |
| Бағдарламаның мақсаты | Қоғам мен еңбек нарығының әлемдік стандарттарға сай техникалық және қызмет көрсету сипатындағы білікті кадрлар мен мамандарға деген қажеттілігін, тұлға мен жекелеген әлеуметтік топтардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, қанағаттандыру |
| Бағдарламаның міндеттері | Материалдық-техникалық база жасау, бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз ету және оқытушылар құрамының тиісті біліктілік деңгейін қамтамасыз ету |
| Қаржыландыру көздері | Жергілікті және республикалық бюджеттер, жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қаржыландыру көздері |
| Күтілетін нәтижелер | Әлемдік деңгейге сәйкес Қазақстандық кадрларды даярлау; кәсіптік білімнің беделін көтеру; Қазақстандық мамандардың Каспий қайраңындағы ауқымды мұнай-газ жобаларын жүзеге асыруға қатысу үлесін арттыру |

## 2. Кіріспе

Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 "Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді.

Осы бағдарламаның әзірленуіне Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игеруге, Теңізшевройлдық шикі газ айдау жөніндегі жобаларына және екінші буын жобасына, Қарабатан поселкесінде мұнай мен газды кешенді өңдеу зауытының салынуына байланысты кәсіптік білім беру саласында мұнай-газ секторы кадрларын алдын ала даярлаудың мақсатты, жүйелі саясатын жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай стратегия жасау қажеттігі себепші болды.

Бағдарламада кәсіптік білім берудің 2005-2007 жылдарға арналған мақсаты мен міндеттері айқындалған, сонымен қатар оны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері белгіленген.

Бағдарлама кәсіптік оқыту мен кадрларды кәсіби даярлаудың және оларды еңбекпен қамтудың қазіргі схемасын өзгерту жөніндегі белсенді шараларды алу арқылы еңбек нарығында талап етілген мамандар мен жұмысшыларды даярлауға бағытталған.

Берілген Бағдарлама Атырау облысында кәсіптік білім берудің белсенді саясатын қалыптастыру және оны іс жүзінде жүзеге асырудың базалық негізіне айналуы тиіс.

## 3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Атырау облысының экономикасы серпінді дамып келеді. Экономиканың 90 пайыздан астамын мұнай-газ секторы алады.

Бүгінгі күні Каспий теңізі қайраңының Қазақстандық бөлігін игерудің басталуына байланысты мұнай-газ саласының қазіргі технологияларды меңгерген жоғары білікті кадрларына деген қажеттілік өсіп келеді.

Сонымен қатар Республикада Каспий теңізі қайраңының игерілуіне байланысты теңіз және өзен көлігінің дамуы қарғын алмақ. Үстіміздегі жылы Жайық-Каспий арнасын қалпына келтіру теңіз және өзен кеме қатынасын дамытудың алғы шарттарын жасайды. Жуық уақытта теңіз операцияларына қызмет көрсету үшін түрлі сыныпты теңіз кемелерінің 700-ден астам бірлігі қажет болады. Осы кемелерге қызмет көрсету үшін 10 мыңнан астам білікті маман талап етіледі.

Жыл сайын құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемі артып келеді. Бүгінгі күні болат құрылымды жинақтаушылар, аргонды-доғалы пісіру пісірушілері, құбыр жүргізушілер, дефектоскопистер, электриктер, электр жинақтаушылары, жөндеушілер, түрлі санатты құрылысшылар және т.б. мамандықтар бойынша тапшылық орын алған.

Қазіргі базалық кісіптік білім беретін мемлекеттік кісіптік оқу орындарының жай-күйі жұмыс берушілердің талаптарына лайықты білікті кадрлар даярлауды қамтамасыз етпейді.

Кадрларды даярлау социалистік жүйеден мұраға қалған ескі материалдық-техникалық базаға, бағдарламалың, әдістемелік қамтамасыз етуге және ең бастысы қазіргі әлемдік білім деңгейі мен қолданылатын технологияларға сәйкеспейтін оқытушы кадрларға негізделеді.

Теңіз көлігі кадрларын даярлауға арналған аттестатталған материалдық-техникалық база жоқ. Теңіздегі мұнай операцияларына тартылатын

кадрлардың біліктілігі құрлықта жұмыс жасайтын кадрлар біліктілігіне қойылатын талаптардан мүлдем өзгеше.

Тіпті құрылыс мамандықтары бар түлектердің өздері құрылыс-жинақтау жұмысының қаркын алғанына қарамастан, оларды оқыту қазіргі уақытта қолданылмайтын ескі жабдықтар мен аспаптарда өткізілгендіктен, құрылыс кешенінде талап етілмейді.

Бос жұмыс орындарына жарияланатын конкурстар Қазақстандық кадрлармен, олардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкеспеуінен қамтамасыз етілмейді және көбінесе бос жұмыс орындары шетелдік мамандармен толтырылады. Мысалы, 2004 жылдың өткен кезеңінде кәсіпорындар жариялаған бос лауазымдардың ішінде 63 пайыздан астамы іске асырылмай қалған.

Мемлекеттік кәсіптік оқу мекемелерін бітірушілерді жұмысқа орналастыруда үлкен проблема бар. Жыл сайын облыстағы кәсіптік мектептердің жұмысқа орналастырылған түлектерінің үлесі 60 пайызды құрайды, оның ішінде мамандығы бойынша жұмысқа орналасатындар 10-12 пайыздан аспайды. Шетелдік және біріккен фирмаларға тек 16-18 адам жұмысқа орналасады, бұл 0,012% құрайды.

Қалғандары өзбетімен мамандығына сәйкеспейтін, біліктілігінен төмен жұмыстарға, кейде жүк тиеуші, әр түрлі жұмысты атқарушы болып орналасады.

Сонымен, мол бюджет қаражаты білімі қазіргі талаптарға сәйкеспейтін кадрларды даярлауға жұмсалады.

Білім беру жүйесіндегі осындай жағдайдың негізгі себептері:

1) материалдық-техникалық базаның, оқу-зертханалық жабдықтық, оқу және әдістемелік әдебиеттің қазіргі талаптаға;

2) бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудің әлемдік стандарттарға;

3) оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі мен кадрлық әлеуеттің кәсіпқойлығы мен бәсекеқабілеттілігін арттыру мүдделілігін ынталандырудың сәйкеспеуі.

Атырау облысының кәсіптік білім беру саласында қалыптасқан ахуал кәсіптік білімнің мазмұны мен кадрлар даярлаудың сапасын қазіргі талаптарға және жоғары дамыған елдердің тәжірибесіне сәйкес түбегейлі өзгертіп, жаңарту қажеттігін дәлелдейді.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - қоғам мен еңбек нарығының техникалық және қызмет көрсету сипатындағы білікті кадрлар мен мамандарға деген қажеттілігін, тұлға мен жекелеген топтардың жеке ерекшеліктерін есепке ала

отырып, қанағаттандыру.

Бағдарламаның міндеттері:

мектеп оқушылары мен халықты кәсіби бағдарлау мақсатында әлеуметтік мониторинг ұйымдастыру;

жаңа оқу орындарының құрылысын салу және қазіргі оқу орындарын қайта бейіндеу арқылы материалдық-техникалық базаны жетілдіру;

шетелдік маман-жаттықтырушыларды шақырумен курстар, семинар-тренингтер ұйымдастыру арқылы инженерлік-педагогикалық кадрлар мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілік деңгейін көтеру;

оқытудың, оқу-әдістемелік жұмыстық мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру;

отандық және шетелдік серіктестермен кәсіптік білім беру проблемалары жөніндегі ынтымақтастықты дамыту.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Қойылған міндетті шешу үшін:

еңбек нарығында қалыптасып келе жатырған ахуал мониторингін ұйымдастыру үшін мектеп оқушыларын, студенттер мен жұмыстан босатылған қызметкерлерді кәсіби бағдарлау мақсатында облыс әкімияты жанынан мүдделі ұйымдардың, уәкілетті органдардың мамандарын, атқарушы биліктің, статистиканың, жұмыс берушілердің және т.с.с. өкілдерін тартумен өңірлік комиссия құру;

Атырау қаласында теңіз бағытындағы кәсіптік мектеп салу;

N 2 кәсіптік лицейді оның кабинеттерін, шеберханасындағы зертханалар мен цехтарды қайта жабдықтау арқылы мұнай-газ бағытына қайта бейіндеу;

политехникалық колледждің материалдық-техникалық базасын цехтарды қайта жабдықтау және қосымша алаңдар салу арқылы жетілдіру;

теңізде жұмыс жүргізу барысындағы қауіпсіздік техникасы ережелерін оқытуға арналған полигон-тренажер салу;

арнаулы пәндер бойынша компьютерлік үйретуші бағдарламалар сатып алу;

жаңа мамандықтар ашу мақсатында, әсіресе мұнай-газ және құрылыс бағыттары үшін, қазіргі кәсіптік оқу орындарының кабинеттерін, зертханаларын, цехтарын қайта жабдықтау;

оқушы жастарға арналған жатақхана салу;

шетелдік мамандарды шақырумен курстар ұйымдастыру арқылы инженерлік-педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру;

әлеуметтік серіктестермен оларды кадрларды бірлесіп даярлауға, кәсіби

даярлық сапасын бағалаудың тәуелсіз жүйесін құруға, бітірушілердің біліктілігін бекітуге және тағайындауға, оқыту процесінде мұнай компанияларының оқу орталықтарын бірлесіп пайдалануға тарту арқылы әрекеттесу;

отандық және шетелдік серіктестермен кәсіптік білім беру проблемалары жөнінде, соның ішінде Абердин қаласының оқу орындарымен кадрлар даярлау, оқу-материалдың базасын, оқу-әдістемелік құжаттамасын жетілдіру, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибе алмасуы және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі ынтымақтастықты дамыту қажет.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін белгіленген шаралардың кезең-кезеңімен орындалуын қарастыратын, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік туғызатын іс-шаралар жоспары әзірленді.

Бағдарлама облыстық білім беру басқармасының, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының, мұнай-газ кешені, сыртқы экономикалық байланыстар және инвестициялық саясат басқармасының жәрдемдесуімен іске асырылатын болады.

## 6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаның іске асуы келесі көздерден жүзеге асырылатын болады:

1) жергілікті бюджет;

2) республикалық бюджет;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты.

Халықаралық ұйымдардың техникалық және гранттық көмегін, мемлекеттік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың демеушілік қолдауын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерін тарту болжанып отыр.

Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджет қаражатынан мынадай қаржыландыруды талап етеді:

2005 жылы 782,5 миллион теңге;

2006 жылы 1 843,4 миллион теңге;

2007 жылы 1 506 миллион теңге.

Республикалық бюджеттен:

2005 жылы 1 438,3 миллион теңге;

2006 жылы 2 140,3 миллион теңге;

2007 жылы 1 496,3 миллион теңге қаржы талап етіледі.

өзге көздерден:

2005 жылы 1 443 миллион теңге;

2006 жылы 1 742 миллион теңге;

2007 жылы 4 402,9 миллион теңге қаржы талап етіледі.

## 7. Бағдарламаның іске асуынан күтілетін нәтижелер

Берілген Бағдарлама іске асу нәтижесінде:

1) әлемдік деңгейге сәйкес Қазақстандық кадрларды даярлауды;

2) мұнай-газ және ілеспелі салалардың қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруды;

3) кәсіптік білімнің беделін көтеруді;

4) Қазақстандық мамандардың Каспий қайраңындағы ауқымды мұнай-газ жобаларын іске асыруға қатысу үлесін арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

## 8. Атырау облысында кәсіптік білім берудің және кадрларды кәсіби даярлаудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| № | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындауға (іске асыруға) жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| 1 | Еңбек нарығындағы ахуалдың әлеуметтік мониторингін ұйымдастыру | Ақпарат | ЕЖХӘ ҚБ |
| 2 | Атырау мұнай және газ институты: | | |
| | 9 қабатты оқу корпусының құрылысын салу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
| | 9 қабатты әкімшілік корпусы үшін жабдық сатып алу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
| | 9 қабатты әкімшілік корпусының құрылысын салу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
| | 9 қабатты әкімшілік корпусы үшін жабдық сатып алу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
| | мұнай факультетінің оқу корпусын қайта құрылымдау | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
| | мұнай факультетінің 4-қабаты үшін жабдық сатып алу | Қабылдау кесімі | АМГИ (келісім бойынша) |
